

Копжасарова Сагынгуль Избасаровнанын
«Оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі борышкердің мәмілелерінің
жарамсыздығы» атты диссертациясына рецензент Нархоз университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің
профессоры, з.ғ.к., доцент Омарова Айман Бекмуратовнаның
жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен немірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>С.И. Копжасарованың «Оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі борышкердің мәмілелерінің жарамсыздығы» тақырыбындағы диссертациясы құқықтық мемлекет қағидаларын нығайту, меншік құқығын қорғау, кәсіпкерлік қызмет еркіндігін қамтамасыз ету, сот арқылы қорғалу кепілдіктерін іске асыру және азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты құқық ғылымының маңызды бағыттарымен тікелей байланысты. Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында белгіленген экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, кәсіпкерлік ортаны дамыту, корпоративтік сектордың ашықтығы мен жауаптылығын арттыру, сондай-ақ құқықтық институттарды жаңғырту міндеттеріне сәйкес келеді. Оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын жетілдіру кәсіпкерлік айналымда құқықтық айқындықты күшейтуге, кредиторлардың құқықтарын қорғауға және борышкердің мүлкітік массасын сақтауға бағытталған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдамасында көзделген мүлкітік активтерді бөлу рәсімдерінің ашықтығын арттыру, құқықтық критерийлерді нақтылау және құқықты теріс пайдаланудың алдын алу міндеттерімен де ұштасады. Борышкердің күмәнді мәмілелерін жарамсыз деп танудың құқықтық тетіктерін нақтылау банкроттық рәсімдеріндегі жосықсыз әрекеттерді шектеуге және кредиторлар мүдделерін қорғаудың тиімділігін арттыруға</p>

			<p>мүмкіндік береді. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы басым бағытына сәйкес келеді. Зерттеу азаматтық құқық, банкроттық құқығы, корпоративтік құқық және құқық қолдану практикасы мәселелерін кешенді түрде қамтиды. Осыған байланысты диссертация тақырыбы бекітілген күніне ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалардың негізгі міндеттеріне толық сәйкес келеді деп бағалауға болады.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	<p>Диссертациялық зерттеу қазіргі азаматтық құқық пен банкроттық құқығы үшін маңызды әрі күрделі мәселелердің бірі оналту және банкроттық рәсімдерінде борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын кешенді зерттеуге арналған. Аталған институт кредиторлардың құқықтарын қорғау, борышкердің мүлкітік массасын сақтау, жосықсыз мәмілелердің салдарын жою және банкроттық рәсімдерінің әділдігін қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше ғылыми мәнге ие. Диссертацияның ғылым үшін маңыздылығы зерттеуде мәмілелер жарамсыздығының жалпы азаматтық-құқықтық негіздері мен оналту және банкроттық рәсімдерінде қолданылатын арнайы негіздердің арақатынасы жеке талдау объектісі ретінде қарастырылуымен айқындалады. Автор борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тануды тек азаматтық құқықтағы дәстүрлі жарамсыздық институты ретінде емес, кредиторлар мүдделерін қорғауға бағытталған банкроттық құқықтың дербес арнайы құралы ретінде негіздейді. Осы саладағы мәселелерді кешенді талдау арқылы автор отандық құқық ғылымындағы банкроттық рәсімдері туралы ғылыми түсініктерді кеңейтеді және осы саладағы теориялық тұжырымдарды нақтылауға мүмкіндік береді. Диссертацияның ғылыми құндылығы автордың нақты заңнамалық ұсыныстарымен де көрінеді. Диссертациялық зерттеу банкроттық құқығы доктринасын дамытуға, кредиторлар құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге және сот практикасын біріздендіруге бағытталған елеулі ғылыми еңбек ретінде бағаланады. Зерттеу нәтижелерінің құқық қолдану тәжірибесінде, ғылыми-зерттеу жұмысында және оқу үдерісінде пайдаланылуы оның</p>

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>маңыздылығын одан әрі арттырады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс автордың жоғары деңгейдегі ғылыми дербестігін көрсетеді. Диссертант ғылыми әдебиеттерге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, шетелдік тәжірибеге және сот практикасына талдау жүргізіп, оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтына қатысты өзіндік ғылыми тұжырымдар мен заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеген. Бұл автордың зерттеліп отырған мәселені өз бетінше зерделегенін және диссертацияны орындауда жеке ғылыми үлесінің бар екенін дәлелдейді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі қазіргі азаматтық айналымда оңалту және банкроттық рәсімдерінің тиімділігін арттыру, кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ борышкердің мүлктік массасын сақтаудың құқықтық тетіктерін жетілдіру қажеттілігімен негізделеді.</p> <p>Банкроттық рәсімдері барысында борышкердің төлем қабілетсіздікке дейінгі кезеңде жасаған мәмілелері кредиторлар мүдделеріне елеулі әсер етуі мүмкін. Әсіресе мүлктік заңсыз немесе негізсіз шығару, жекелеген кредиторларға артықшылық беру, нарықтық құннан төмен мәмілелер жасау сияқты әрекеттер борышкер активтерінің азаюына және кредиторлар талаптарының әділ қанағаттандырылмауына алып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын арнайы құқықтық қорғау құралы ретінде зерттеу ғылыми және практикалық жағынан өзекті болып табылады.</p> <p>Қолданыстағы заңнамада борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздері көзделгенімен, олардың мазмұны, қолданылу шектері, дәлелдеу ерекшеліктері және азаматтық-құқықтық жарамсыздықтың жалпы негіздерімен арақатынасы толық айқындалмаған. Бұл құқық қолдану тәжірибесінде әртүрлі түсіндірулерге, ұқсас жағдайларда әркелкі сот шешімдерінің қабылдануына және кредиторлардың құқықтарын қорғау мүмкіндігінің шектелуіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты диссертанттың оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың құқықтық табиғатын, жалпы</p>

	<p>және арнайы негіздерінің арақатынасын, күдікті кезеңнің мәнін, адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайын кешенді түрде зерттеуі толық негізделген. Зерттеу тақырыбы банкроттық рәсімдерінің әділдігін қамтамасыз етуге, сот практикасын біріздендіруге және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын жетілдіруге бағытталғандықтан, оның өзектілігі күмән тудырмайды.</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі борышкердің мәмілелерінің жарамсыздығы» тақырыбын толық әрі жүйелі түрде ашады. Зерттеу құрылымы жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құрылған және борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының теориялық, материалдық-құқықтық және тәжірибелік қырларын қамтиды.</p> <p>Диссертацияда алдымен оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың теориялық-құқықтық негіздері қарастырылып, аталған институттың азаматтық құқықтағы мәміле жарамсыздығының жалпы ережелерімен арақатынасы талданған. Одан әрі борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздері, олардың құқықтық белгілері, қолданылу алғышарттары және дәлелдеу ерекшеліктері зерттелген. Сонымен қатар жұмыста мұндай мәмілелерді жарамсыз деп танудың құқықтық салдарлары, адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайы, талап қою мерзімдері мен сот практикасын жетілдіру мәселелері қамтылған.</p> <p>Зерттеу мазмұны тақырыптың негізгі мәселелерін толық қамтып, борышкердің мүлкітік массасын сақтау, кредиторлар теңдігін қамтамасыз ету және банкроттық рәсімдерінің әділдігін арттыру бағытындағы авторлық ұсыныстармен толықтырылған. Сондықтан диссертация мазмұны мәлімделген тақырыпты толық айқындайды.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді. Автор оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының теориялық-құқықтық негіздерін, жалпы және арнайы негіздер жүйесін, сондай-ақ оны іске асырудың құқықтық тетіктерін кешенді талдауды мақсат еткен. Бұл мақсат диссертация тақырыбының</p>

мазмұнын толық қамтиды және зерттеудің негізгі бағытын дұрыс айқындайды.

Қойылған міндеттер де зерттеу мақсатынан қисынды түрде туындайды. Диссертант борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының тарихи-құқықтық қалыптасуын, азаматтық құқықтағы мәміле жарамсыздығы институтымен арақатынасын, арнайы негіздердің құқықтық табиғатын, күдікті кезеңнің мәнін, талап қою мерзімдері мен субъектілерін, сондай-ақ адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайын зерттеуді міндет етіп қойған. Бұл міндеттер жұмыстың теориялық және практикалық мазмұнын толық ашуға бағытталған. Сонымен қатар диссертацияда заңнаманы және сот практикасын жетілдіруге қатысты нақты ұсыныстар әзірлеу міндеті қойылған. Бұл зерттеудің қолданбалы сипатын күшейтіп, оның оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі құқық қолдану мәселелерін шешуге бағытталғанын көрсетеді. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді және оның мазмұнын жүйелі түрде ашуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүйелі түрде құрылған. Жұмыстың бөлімдері бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтасып, оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын кешенді түрде ашуға бағытталған.

Бірінші тарауда аталған институттың теориялық-құқықтық негіздері, оның азаматтық құқықтағы мәмілелер жарамсыздығы институтымен арақатынасы және банкроттық рәсімдеріндегі арнайы құқықтық табиғаты қарастырылған. Екінші тарауда борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың материалдық-құқықтық негіздері, арнайы негіздердің белгілері, күдікті кезең, дәлелдеу ерекшеліктері және субъектілік құрам мәселелері талданған. Үшінші тарауда мәмілелерді жарамсыз деп танудың құқықтық салдарлары, адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайы, сондай-ақ заңнаманы және сот практикасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілген.

Жұмыстың әрбір құрылымдық бөлігі алдыңғы бөлімдерде жасалған тұжырымдарды жалғастырып, зерттеу тақырыбын кезең-кезеңімен

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:

- 1) **толық байланысқан;**
- 2) ішінара байланысқан;
- 3) байланыс жоқ.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>ашуға мүмкіндік береді. Теориялық талдау материалдық-құқықтық мәселелермен, ал олар өз кезегінде құқықтық салдарлармен және практикалық ұсыныстармен ұштасқан. Бұл диссертацияның ішкі бірлігін, құрылымдық тұтастығын және ғылыми логикасының сақталғанын көрсетеді. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық логикалық байланысқан.</p> <p>С.И. Копжасарова ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған – сыни талдау бар. Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа шешімдер жеткілікті деңгейде дәлелденген және қолданыстағы құқықтық реттеу мен қалыптасқан ғылыми көзқарастармен салыстырылып бағаланған. Диссертант борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын жалпы азаматтық-құқықтық жарамсыздық ережелері шеңберінде ғана емес, оңалту және банкроттық рәсімдеріне тән арнайы құқықтық тетік ретінде қарастырады. Автор борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін жүйелеп, оларды құқықтық табиғаты мен экономикалық салдарына қарай бірнеше дербес топқа бөлу қажеттігін негіздейді. Сонымен қатар жұмыста «күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту, борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту, талап қою мерзімін есептеудің арнайы тәртібін енгізу, адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайын нақтылау жөнінде ұсыныстар берілген. Ұсынылған шешімдер қолданыстағы заңнамадағы олқылықтарды, сот практикасының біркелкі еместігін және кредиторлар құқықтарын қорғау тетіктерінің жеткіліксіздігін талдау негізінде тұжырымдалған. Автордың тұжырымдары ғылыми әдебиеттерге, ұлттық заңнамаға, шетелдік тәжірибеге және құқық қолдану практикасына сүйене отырып негізделген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған негізгі ережелер толығымен жаңа. Автор оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын азаматтық құқықтағы мәмілелер жарамсыздығының жалпы ережелерімен ғана шектемей, банкроттық рәсімдеріне тән дербес әрі арнайы құқықтық тетік ретінде қарастырған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы борышкер мәмілелерін</p>

жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін жүйелеуден, олардың құқықтық табиғатын нақтылаудан және азаматтық-құқықтық жалшы жарамсыздық негіздерінен айырмашылығын ашудан көрінеді. Автор борышкердің мүліктік массасының азаюына немесе кредиторлар алдындағы міндеттемелердің туындауына екеп соғатын өзге де заңдық маңызы бар әрекеттерді және заңды тұлға органдарының шешімдерін борышкер мәмілелері ретінде қарастыру қажеттігін негіздеген. Сонымен қатар диссертацияда «күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту, оның мерзімдік шектерін қайта қарау, талап қою мерзімін есептеудің арнайы тәртібін белгілеу, адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайын нақтылау жөнінде жаңа ғылыми ұсыныстар берілген. Аталған тұжырымдар Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын жетілдіруге, сот практикасын біріздендіруге және кредиторлар құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған. Диссертацияның ғылыми нәтижелері банкроттық рәсімдеріндегі борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын теориялық тұрғыдан тереңдетіп, оның кредиторлар мүдделерін қорғаудағы дербес маңызын жаңаша негіздейді. Ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелер ғылыми тұрғыдан негізделген және отандық банкроттық құқық доктринасын одан әрі дамыту үшін елеулі маңызға ие.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?

- 1) **толығымен жаңа;**
- 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);
- 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зерттеу барысында жүргізілген теориялық, нормативтік және салыстырмалы-құқықтық талдаудың нәтижесі ретінде тұжырымдалған және ғылыми жаңашылдық сипатқа ие. Автор оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының құқықтық табиғатын жан-жақты ашып, оның банкроттық рәсімдеріндегі орны мен маңызын ғылыми тұрғыдан негіздеген. Жұмыста жасалған қорытындылар зерттеу мақсаты мен міндеттерінен қисынды түрде туындайды және диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерімен өзара байланысты. Олар қолданыстағы құқықтық реттеудегі даулы мәселелерді анықтауға, құқық қолдану тәжірибесіндегі бірізділікті қамтамасыз етуге және кредиторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге

		<p>бағытталған. Диссертация қорытындылары теориялық және колданбалы мәнге ие, отандық банкроттық құқық доктринасын дамытуға ықпал етеді және зерттеліп отырған институттың мазмұнын жаңа ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс құқықтық бағытта орындалғандықтан, онда ұсынылған шешімдер ең алдымен құқықтық, экономикалық және басқарушылық мәнге ие. Автордың борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын жетілдіруге бағытталған ұсыныстары банкроттық рәсімдерінің тиімділігін арттыруға, кредиторлардың құқықтарын қорғауға, борышкердің мүлдіктік массасын сақтауға және азаматтық айналымдағы құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге бағытталған. Зерттеуде ұсынылған шешімдер колданыстағы заңнаманы, сот практикасын және шетелдік тәжірибені талдау негізінде тұжырымдалған. Олар оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі құқықтық реттеудің жекелеген олқылықтарын жоюға, даулы мәселелер бойынша бірыңғай құқық қолдану тәсілдерін қалыптастыруға және борышкер мен кредиторлар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Диссертацияда берілген ұсыныстардың экономикалық маңызы борышкер активтерінің негізсіз шығарылуын шектеу, кредиторлар талаптарының әділ қанағаттандырылуына жағдай жасау және банкроттық рәсімдерінің нәтижелілігін арттыру арқылы көрінеді. Ал басқарушылық мәні әкімшілердің, кредиторлардың және соттардың осы санаптағы дауларды қарау кезіндегі құқықтық әрекеттерін нақтылауға ықпал етуімен сипатталады. Диссертацияда ұсынылған құқықтық, экономикалық және басқарушылық сипаттағы шешімдер толығымен жаңа әрі ғылыми тұрғыдан негізделген деп бағаланады.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары зерттеу барысында жинақталған ғылыми, нормативтік және практикалық материалдарға сүйене отырып жасалған. Автор Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын, оңалту және банкроттық туралы заңнаманы, сот практикасын, шетелдік құқықтық тәжірибені және доктриналық көзқарастарды кешенді түрде талдаған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	

	<p>Диссертант борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының құқықтық табиғатын ашу барысында жалпы ғылыми және арнайы заңи әдістерді орынды қолданған, сол арқылы зерттеу нәтижелерінің дәлелділігін қамтамасыз еткен. Негізгі қорытындылар тек теориялық пайымдауларға ғана емес, қолданыстағы құқықтық реттеудің нақты мәселелеріне, құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарға және банкроттық рәсімдеріндегі кредиторлар мен борышкер мүдделерінің арақатынасына негізделген. Бұл диссертацияда ұсынылған тұжырымдардың ғылыми тұрғыдан негізді және практикалық маңызы бар екенін көрсетеді. Сондықтан диссертацияның барлық негізгі қорытындылары ауқымды дәлелдемелерге негізделген деп бағаланады.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>1-тұжырым дәлелденді. Диссертант Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 7-бабында оңалту және банкроттық рәсімдерінде жарамсыз деп танылуы мүмкін борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздеген. Автор борышкердің мүлкітік массасының азаюына не кредиторлар алдындағы міндеттемелердің туындауына әкеп соғатын өзге де заңдық маңызы бар әрекеттерді, сондай-ақ заңды тұлға органдарының шешімдерін борышкер мәмілелері ретінде қарастырудың маңызын дәлелдеген. Бұл тұжырым борышкер активтерін қорғау, мүлкітік массаны сақтау және кредиторлардың құқықтарын қамтамасыз ету қажеттілігімен негізделген.</p> <p>2-тұжырым дәлелденді. Автор Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 7-бабы 2-тармағында көзделген арнайы негіздердің құқықтық табиғаты мен дәлелдеу ерекшеліктері жағынан біртекті емес екенін дәлелді түрде көрсеткен. Диссертант оларды борышкердің мүлкітік массасын негізсіз азайтатын мәмілелер, кредиторлар теңдігі қағидасын бұзатын преференциялық мәмілелер және кредиторларға зиян келтіру ниетімен немесе нақты құқықтық салдар туғызу ниетінсіз жасалған мәмілелер ретінде жүйелеуді ұсынған. Бұл жүйелеу арнайы негіздердің мазмұнын нақтылауға және оларды жалпы азаматтық-құқықтық жарамсыздық негіздерінен</p>
<p>және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	
<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	

ажыратуға мүмкіндік береді.

3-тұжырым дәлелденді.

Диссертацияда «күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту қажеттігі негізделген. Автор бұл ұғымды оңалту және банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін жасалған және заңда көзделген негіздер бойынша тексерілуі мүмкін мәмілелердің уақыттық шегі ретінде қарастырады. Тұжырымның дәлелділігі банкроттық рәсімдеріндегі мәмілелерді бағалауда мерзімдік айқындықтың болмауы құқық қолдану тәжірибесінде әркелкілікке әкелуі мүмкін екендігін талдаумен расталады.

4-тұжырым дәлелденді.

Диссертант қолданыстағы үш жылдық күдіктілік мерзімнің борышкердің банкроттық алдындағы күмәнді мәмілелерін толық қамтуға әрдайым жеткіліксіз екенін негіздеген. Автор борышкердің мүлкіті үлестес немесе өзге де тұлғаларға ұзақ уақыт бұрын шығару мүмкіндігін ескере отырып, күдікті кезең мерзімін он жылға дейін ұзартуды ұсынады. Бұл тұжырым кредиторлардың құқықтарын қорғау, құқықты теріс пайдаланудың алдын алу және борышкердің мүлкіттік массасын қалпына келтіру тетіктерін күшейту қажеттілігімен дәлелденген.

5-тұжырым дәлелденді.

Автор борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану туралы талаптар бойынша талап қою мерзімін есептеудің қолданыстағы тәртібі барлық жағдайда кредиторлардың мүдделерін тиімді қорғай бермейтінін көрсеткен. Егер талапты уақтылы қою алдыңғы әкімшінің жосықсыз әрекеттері салдарынан мүмкін болмаса, талап қою мерзімін жаңа әкімші тағайындалған күннен бастап есептеу туралы ұсыныс ғылыми және практикалық тұрғыдан негізделген. Бұл тұжырым банкроттық рәсіндегі әкімшінің әрекеттеріне тәуелді құқықтық салдардың кредиторлар мүддесіне зиян келтірмеуі қажеттігімен дәлелденеді.

6-тұжырым дәлелденді.

Диссертацияда адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін қайта қарау қажеттігі негізделген. Автор мәміле жасасу кезінде контрагенттің борышкердің кредиторларға зиян келтіру ниеті

туралы білгені немесе білуге тиіс болғаны анықталса, оның талаптарын жалпы тәртіппен қанағаттандыру кредиторлар теңдігі қағидасына қайшы келетінін дәлелдеген. Мұндай контрагенттің талаптарын ең соңғы кезекке жатқызу банкроттық рәсімінің әділдігін қамтамасыз етуге, құқықты теріс пайдаланудың алдын алуға және адал кредиторлардың мүдделерін қорғауға бағытталған.

7-тұжырым дәлелденді.

Автор адал ниетті контрагенттің құқықтық жағдайын нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысын контрагенттің адал ниеттілігін бағалау өлшемдерімен толықтыру қажеттігін негіздеген. Диссертант мәміленің нарықтық бағамен және әдеттегі шарттарда жасалуын, контрагенттің борышкермен үлестес болмауын, мәміленің экономикалық тұрғыдан негізді мақсатының болуын, сондай-ақ контрагенттің борышкердің төлем қабілетсіздігі туралы білмеуі және білуге міндетті болмауын маңызды өлшемдер ретінде ұсынады. Бұл тұжырым адал контрагенттердің құқықтарын қорғау мен борышкердің мүлкітік массасын қалпына келтіру арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету қажеттігімен дәлелденген.

1-тұжырым тривиалды емес.

Борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту туралы тұжырым қарапайым сипаттағы ұсыныс болып табылмайды. Автор мәміле ұғымын тек азаматтық-құқықтық дәстүрлі түсінікпен шектемей, оңалту және банкроттық рәсімдерінің ерекшеліктерін ескере отырып қарастырады. Борышкердің мүлкітік массасының азаюына немесе кредиторлар алдындағы міндеттемелердің туындауына әсер ететін өзге де заңдық маңызы бар әрекеттерді және заңды тұлға органдарының шешімдерін борышкер мәмілелері ретінде бағалау құқықтық реттеудің мазмұнына елеулі өзгеріс енгізуді көздейді.

2-тұжырым тривиалды емес.

Борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін жүйелеу туралы тұжырым да тривиалды емес. Қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер құқықтық табиғаты, мақсаты және дәлелдеу ерекшеліктері бойынша әртүрлі сипатқа ие. Автор оларды мазмұнына қарай топтастырып, әрбір негіздің банкроттық

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

2) жоқ;

3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.

рәсімдеріндегі қызметін айқындауға ұмтылған. Мұндай жүйелеу арнайы негіздерді жай ғана сипаттап қоюмен шектелмейді, керісінше, оларды қолданудың ғылыми және құқықтық өлшемдерін қалыптастыруға бағытталған.

3-тұжырым тривиалды емес.

«Күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту туралы тұжырым қарапайым терминологиялық толықтыру емес. Бұл ұғым борышкердің банкроттыққа дейінгі мәмілелерін бағалаудың уақыттық шегін айқындап, мәмілелерді жарамсыз деп тану институтының қолданылу аясын нақтылайды. Күдікті кезеңді дербес құқықтық ұғым ретінде енгізу азаматтық айналымның тұрақтылығы мен кредиторлар құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап етеді. Сондықтан аталған тұжырымның ғылыми және практикалық маңызы бар.

4-тұжырым тривиалды емес.

Күдікті кезең мерзімін үш жылдан он жылға дейін ұзарту туралы ұсыныс даулы әрі күрделі құқықтық мәселені қозғайды. Бір жағынан, мұндай ұсыныс кредиторлардың құқықтарын қорғауға және борышкер активтерінің алдын ала шығарылуын болдырмауға бағытталған. Екінші жағынан, ол азаматтық айналымның тұрақтылығы, мәмілелердің құқықтық айқындығы және адал қатысушылардың мүдделерімен байланысты мәселелерді камтиды. Осы себепті бұл тұжырым жай ғана мерзімді ұлғайту емес, банкроттық рәсімдеріндегі құқықтық теңгерімді қайта қарауға бағытталған ғылыми ұсыныс болып табылады.

5-тұжырым тривиалды емес.

Талап қою мерзімін жаңа әкімші тағайындалған күннен бастап есептеу туралы тұжырым да қарапайым емес. Бұл ұсыныс әкімшінің жосықсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан кредиторлардың құқықтары шектелмеуі қажет деген идеяға негізделген. Автор талап қою мерзімін есептеудің жалпы тәртібін банкроттық рәсімдерінің ерекшеліктерімен байланыстырып, кредиторлар мүдделерін қорғаудың қосымша құқықтық кешілігін ұсынады. Мұндай тәсіл құқық қолдану тәжірибесінде жиі туындайтын күрделі мәселелерді шешуге бағытталған.

6-тұжырым тривиалды емес.

Адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін қайта қарау туралы тұжырым банкроттық рәсімдеріндегі кредиторлар теңдігі қағидасына тікелей қатысты. Егер контрагент борышкердің кредиторларға зиян келтіру ниеті туралы білсе немесе білуге тиіс болса, оның талаптарын басқа кредиторлармен бірдей кезекте қанағаттандыру әділдік қағидасына сәйкес келмейді. Автордың мұндай контрагенттің талаптарын соңғы кезекке жатқызу туралы ұсынысы банкроттық рәсімдеріндегі адалдық, әділдік және құқықты теріс пайдалануға жол бермеу қағидаларын жаңаша пайымдауға негізделген.

7-тұжырым тривиалды емес.

Адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау туралы тұжырым да тривиалды емес. Адалдық ұғымы құқық қолдану тәжірибесінде бағалаушылық сипатқа ие болғандықтан, оны нақты өлшемдер арқылы айқындау сот практикасының бірізділігі үшін маңызды. Автор контрагенттің борышкермен байланысын, мәміленің нарықтық шарттарға сәйкестігін, экономикалық мақсатын және борышкердің төлем қабілетсіздігі туралы білу мүмкіндігін кешенді түрде бағалауды ұсынады. Бұл тұжырым адал контрагенттерді қорғау мен кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету арасындағы құқықтық теңгерімді сақтауға бағытталған.

1-тұжырым жаңа.

Борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту туралы тұжырым ғылыми жаңалыққа ие. Автор оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкердің мүлктік массасына әсер ететін әрекеттерді тек мәміле ұғымымен шектемей, өзге де заңдық маңызы бар әрекеттер мен заңды тұлға органдарының шешімдерін де осы институт аясында қарастыруды ұсынады. Бұл тәсіл борышкер активтерінің негізсіз шығарылуын болдырмауға және кредиторлар мүдделерін қорғауға бағытталған жаңа ғылыми көзқарасты білдіреді.

2-тұжырым жаңа.

Борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін жүйелеу туралы тұжырым жаңа болып табылады. Автор қолданыстағы заңнамада көзделген негіздерді тек сипаттап қана

7.3 Жаңа ма?

1) иә;

2) жоқ;

3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.

коймай, олардың құқықтық табиғатын, мақсатын және қолданылу ерекшеліктерін ескере отырып топтастыруды ұсынады. Мұндай жүйелеу оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі арнайы жарамсыздық негіздерін түсінуге және оларды құқық қолдану тәжірибесінде бірізді қолдануға мүмкіндік береді.

3-тұжырым жаңа.

«Күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту туралы тұжырым жанашыл сипатқа ие. Автор атаған ұғымды борышкердің банкроттыққа дейінгі мәмілелерін бағалаудың уақыттық өлшемі ретінде қарастырып, оны дербес құқықтық категория ретінде енгізуді ұсынады. Бұл ұсыныс борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының мазмұнын нақтылап, құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге бағытталған.

4-тұжырым жаңа.

Күдікті кезең мерзімін қайта қарау және оны ұзарту туралы тұжырым жаңа ғылыми ұсыныс болып табылады. Автор қолданыстағы мерзімнің барлық жағдайда кредиторлар мүдделерін тиімді қорғауға жеткіліксіз болуы мүмкін екенін негізге алып, банкроттық алдындағы күмәнді мәмілелерді кеңірек қамту қажеттігін көрсетеді. Бұл тұжырым борышкердің мүлкін алдын ала шығару тәуекелдерін төмендетуге және мүлктік массаны қалпына келтіру мүмкіндігін арттыруға бағытталған.

5-тұжырым жаңа.

Талап қою мерзімін есептеудің арнайы тәртібін белгілеу туралы тұжырым да жаңа болып табылады. Автор алдыңғы әкімшінің жосықсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан талап қою мүмкіндігі шектелген жағдайда, мерзімді жаңа әкімші тағайындалған күннен бастап есептеу қажеттігін ұсынады. Бұл ұсыныс банкроттық рәсімдеріндегі кредиторлар құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдігін қалыптастырады.

6-тұжырым жаңа.

Адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін қайта қарау туралы тұжырым жанашыл сипатқа ие. Автор мәміле жасасу кезінде контрагенттің борышкердің кредиторларға зиян

	<p>келтіру ниетін білгені немесе білуге тиіс болғаны анықталған жағдайда, оның талаптарын жалпы кредиторлармен бірдей деңгейде қанағаттандыру әділдік қағидасына сәйкес келмейтінін негіздейді. Мұндай тәсіл банкроттық рәсімдерінде адалдық қағидасын күшейтуге және адал кредиторлардың құқықтарын қорғауға бағытталған.</p> <p>7-тұжырым жаңа.</p> <p>Адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау туралы тұжырым жаңа болып табылады. Автор контрагенттің адал ниеттілігін бағалау кезінде мәміленің нарықтық шарттарға сәйкестігін, тараптардың өзара байланысын, мәміленің экономикалық мақсатын және контрагенттің борышкердің төлем қабілетсіздігі туралы білу мүмкіндігін ескеруді ұсынады. Бұл тұжырым сот практикасын біріздендіруге және адал контрагенттерді негізсіз жауаптылықтан қорғауға мүмкіндік береді.</p>
<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 	<p>1-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.</p> <p>Борышкер мәмілелерінің шеңберін кеңейту туралы тұжырым тек теориялық маңызға ғана емес, құқық қолдану тәжірибесіне де тікелей әсер етеді. Бұл ұсыныс оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер активтерінің негізсіз шығарылуын анықтауға, мүлкітік массаны қалпына келтіруге және кредиторлардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Тұжырым заңнаманы жетілдіруде, сот практикасын қалыптастыруда және банкроттық рәсімдерін жүргізетін әкімшілердің қызметінде қолданылуы мүмкін.</p> <p>2-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.</p> <p>Борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін жүйелеу туралы тұжырым заң ғылымында, заң шығару қызметінде және құқық қолдану тәжірибесінде кеңінен пайдалануға жарамды. Арнайы негіздерді мазмұны мен мақсатына қарай топтастыру соттардың дауларды дұрыс саралауына, әкімшілердің талап қою негіздерін нақты айқындауына және кредиторлар құқықтарын қорғау тетіктерін тиімді қолдануына ықпал етеді. Сондықтан бұл тұжырымның қолданбалы әлеуеті жоғары.</p> <p>3-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.</p> <p>«Күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту туралы</p>

тұжырым банкроттық рәсімдеріндегі мәмілелерді бағалаудың уақыттық шектерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл ұсыныс заң шығарушы үшін де, соттар мен әкімшілер үшін де маңызды, себебі мәміленің жарамсыздығын бағалау кезінде нақты құқықтық өлшем қалыптастырады. Сонымен қатар аталған тұжырым құқықтық айқындықты күшейтіп, сот практикасының бірізді болуына ықпал етеді.

4-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.

Күдікті кезең мерзімін қайта қарау туралы тұжырым кредиторлардың құқықтарын қорғау және борышкердің мүлдіктік массасын сақтау тұрғысынан кең қолданылу мүмкіндігіне ие. Ұсыныс банкроттыққа дейін жасалған күмәнді мәмілелерді неғұрлым толық қамтуға, активтерді алдын ала шығару тәуекелдерін азайтуға және жосықсыз әрекеттердің салдарын жоюға бағытталған. Бұл тұжырым заңнамалық өзгерістер енгізу кезінде және сот тәжірибесінде маңызды бағдар бола алады.

5-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.

Талап қою мерзімін жана әкімші тағайындалған күннен бастап есептеу туралы тұжырым банкроттық рәсімдерінде кредиторлар құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдігі ретінде кеңінен қолданылуы мүмкін. Бұл ұсыныс әкімшінің жосықсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан талап қою мүмкіндігі шектелген жағдайларда ерекше маңызға ие. Тұжырым соттар үшін талап қою мерзімін бағалау кезінде, ал әкімшілер үшін борышкер мәмілелеріне талдау жүргізу барысында қолданбалы мәнге ие.

6-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.

Адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін қайта қарау туралы тұжырым банкроттық рәсімдерінде әділдік пен кредиторлар теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ұсыныс жосықсыз контрагенттердің борышкер активтерін шығаруға қатысуы нәтижесінде өзге кредиторлармен тең құқықтық жағдайға ие болуына жол бермеуге мүмкіндік береді. Тұжырым заңнаманы жетілдіруде, сот практикасында және кредиторлар талаптарын қанағаттандыру кезектілігін айқындауда кеңінен қолданылуы мүмкін.

7-тұжырымның қолданылу деңгейі кең.

Адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау туралы тұжырым сот практикасы үшін ерекше маңызға ие. Контрагенттің адал ниеттілігін анықтау кезінде нақты өлшемдердің болуы сот шешімдерінің болжамдылығын арттырады, адал қатысушылардың құқықтарын қорғауға және жосықсыз мәмілелердің салдарын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тұжырым Жоғарғы Соттың нормативтік түсіндірмелерін жетілдіруде, соттардың құқық қолдану тәжірибесінде және банкроттық рәсімдеріне қатысушылардың әрекеттерін бағалауда кеңінен қолданылуы мүмкін.

1-тұжырым мақалада дәлелденген.

Тұжырым автордың жарияланған ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан (The relationship between general and special grounds for invalidating debtor transactions in rehabilitation and bankruptcy)

2-тұжырым мақалада дәлелденген.

Борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерін жүйелеу мәселесі диссертанттың ғылыми мақалаларында қарастырылған (The relationship between general and special grounds for invalidating debtor transactions in rehabilitation and bankruptcy)

3-тұжырым мақалада дәлелденген.

«Күдікті кезең» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту туралы тұжырым автордың жариялануында негізделген (International Experience in Protecting the Rights of Bona Fide Counterparties When Invalidating the Debtor's Transactions in Bankruptcy Proceedings).

4-тұжырым мақалада дәлелденген.

Күдікті кезең мерзімін қайта қарау туралы ұсыныс диссертанттың ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан (Оңалту және банкроттық рәсіміндегі борышкердің мәмілесін жарамсыз деп тану механизмі: салыстырмалы талдау)

5-тұжырым мақалада дәлелденген.

Талап қою мерзімін есептеудің арнайы тәртібі туралы ереже автордың жарияланған мақалаларында қарастырылған (Оңалту және банкроттық рәсіміндегі борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздері)

6-тұжырым мақалада дәлелденген.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә;

2) жоқ;

3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>		<p>Адал емес контрагенттің талаптарын қанағаттандыру кезектілігін қайта қарау туралы тұжырым ғылыми жарияланымдарда негізделген (Оңалту және банкроттықтағы борышкердің мәмілесін жарамсыз деп тану – кредиторлардың құқықтарын қорғау тетігі ретінде). 7-тұжырым мақалада дәлелденген. Адал ниетті контрагентті бағалау өлшемдерін нақтылау туралы ереже автордың ғылыми мақалаларында дәлелденген (International Experience in Protecting the Rights of Bona Fide Counterparties When Invalidating the Debtor’s Transactions in Bankruptcy Proceedings)</p>
<p>8.</p>		<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста таңдалған әдіснама зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Автор оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын кешенді зерттеу үшін жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістерді орынды қолданған. Зерттеу барысында талдау, синтез, жүйелеу, салыстыру сияқты жалпы ғылыми әдістермен қатар, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, жүйелік-құрылымдық және құқықтық талдау әдістері пайдаланылған. Аталған әдістер борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының қалыптасуын, оның азаматтық-құқықтық жарамсыздық институтымен арақатынасын, оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі арнайы құқықтық табиғатын ашуға мүмкіндік берген. Салыстырмалы-құқықтық әдіс шетелдік тәжірибені зерделеу және оны ұлттық құқықтық реттеумен салыстыру үшін қолданылған. Формальды-құқықтық әдіс қолданыстағы заңнама нормаларын талдауға, ал жүйелік-құрылымдық әдіс борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздері мен құқықтық салдарын өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік берген. Құқықтық талдау және түсіндіру әдістері сот практикасын бағалау, заңнамалық олқылықтарды анықтау және оларды жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды негіздеу үшін пайдаланылған. Осылайша, диссертацияда қолданылған әдіснама нақты жазылған, зерттеу тақырыбының мазмұнына сәйкес таңдалған және алынған ғылыми нәтижелердің негізділігі мен дәйектілігін қамтамасыз еткен.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін, деректерді өңдеу және құқықтық ақпаратты</p>

технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:

1) иә;

2) жоқ.

интерпретациялау тәсілдерін пайдалану арқылы алынған. Зерттеу барысында автор нормативтік-құқықтық актілердің, сот практикасының, ғылыми әдебиеттердің және шетелдік құқықтық материалдардың электрондық дереккөздерін жүйелі түрде талдаған. Компьютерлік технологияларды қолдану құқықтық ақпаратты жинақтауға, салыстыруға, жүйелеуге және талдауға мүмкіндік берген. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнама нормаларын, құқық қолдану тәжірибесін, ғылыми көзқарастарды және салыстырмалы-құқықтық материалдарды өңдеу барысында заманауи ақпараттық ресурстар мен электрондық дерекқорлар пайдаланылған. Деректерді интерпретациялау әдістемелері зерттеу тақырыбының ерекшелігіне сәйкес таңдалған. Автор құқықтық нормалардың мазмұнын талдап, оларды сот практикасы мен ғылыми тұжырымдармен салыстыра отырып, борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының теориялық және практикалық мәселелерін анықтаған. Бұл диссертацияда жасалған қорытындылардың дәйектілігі мен негізділігін қамтамасыз еткен. Осыған байланысты диссертация нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдалана отырып алынған деп бағаланады.

Диссертациялық жұмыс заң ғылымы саласында орындалғандықтан, онда педагогикалық немесе жаратылыстану ғылымдарына тән классикалық эксперименттік зерттеу жүргізу талап етілмейді. Зерттеуде теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар құқықтық ғылымға тән тәсілдер арқылы, атап айтқанда қолданыстағы заңнаманы, сот практикасын, ғылыми әдебиеттерді және шетелдік тәжірибені талдау негізінде дәлелденген. Жұмыста ұсынылған теориялық қорытындылар құқық қолдану тәжірибесіндегі нақты мәселелерді талдау арқылы расталады. Автор анықталған проблемаларды қолданыстағы заңнаманың мазмұнымен, сот практикасының ерекшеліктерімен және банкроттық рәсімдерінің практикалық қажеттіліктерімен байланыстыра отырып, оларды шешуге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеген. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерінің ғылыми жарияланымдарда көрініс табуы және оқу үдерісі мен практикалық қызметке енгізілуі

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):

1) иә;

2) жоқ.

<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>диссертация қорытындыларының қолданбалы маңызын растайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыста келтірілген маңызды ғылыми тұжырымдар мен мәлімдемелер нақты әрі сенімді ғылыми дереккөздермен расталған. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер, нормативтік материалдар, сот практикасы және салыстырмалы-құқықтық еңбектер жүйелі түрде пайдаланылған. Бұл автордың негізгі пайымдарын ғылыми тұрғыдан дәйектеуге мүмкіндік берген. Жұмыста оналту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының теориялық негіздері, құқықтық табиғаты мен қолданылу ерекшеліктері ғылыми еңбектермен салыстырыла отырып талданған. Азаматтық құқық, банкроттық құқық және төлем қабілетсіздік мәселелеріне арналған зерттеулерге жасалған сілтемелер диссертацияның мазмұнын тереңдетіп, автор ұстанымының негізділігін күшейткен. Диссертацияда пайдаланылған дереккөздер зерттеу тақырыбына тікелей қатысты және ғылыми тұрғыдан сенімді болып табылады.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға жеткілікті. Автор оналту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын зерттеу барысында азаматтық құқық, банкроттық құқық, төлем қабілетсіздік, мәмілелер жарамсыздығы және кредиторлар құқықтарын қорғау мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді пайдаланған. Әдебиеттер тізімі зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруға, қолданыстағы ғылыми көзқарастарды салыстыруға және авторлық тұжырымдарды негіздеуге мүмкіндік берген. Сонымен қатар жұмыста нормативтік-құқықтық актілер, сот практикасы және салыстырмалы-құқықтық материалдар қамтылған, бұл әдеби шолудың мазмұнын толықтыра түседі. Пайдаланылған дереккөздер зерттеу пәніне тікелей қатысты және диссертацияда қарастырылған негізгі мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдауға жеткілікті негіз береді.</p>
<p>9 Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар;</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы оналту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының құқықтық табиғатын кешенді түрде ашуымен</p>

2) жоқ.

айқындалады. Автор аталған институтты азаматтық құқықтағы мәмілелер жарамсыздығының жалпы ережелерімен байланыста қарастырып, оның банкроттық рәсімдеріндегі арнайы құқықтық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан негіздеген. Зерттеуде борышкердің мүлдіктің массасын сақтау, кредиторлар теңдігін қамтамасыз ету, күдікті кезеңнің мәні, адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайы сияқты мәселелер теориялық тұрғыдан талданған. Бұл тұжырымдар банкроттық құқық доктринасындағы борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының мазмұнын нақтылауға және оны одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Диссертацияда жасалған теориялық қорытындылар азаматтық құқық, банкроттық құқық және төлем қабілетсіздік мәселелері бойынша кейінгі ғылыми зерттеулерге негіз бола алады. Сонымен қатар диссертацияда тұжырымдалған теориялық ережелердің оқу үдерісіне енгізілуі олардың ғылыми-танымдық құндылығын және құқықтық пәндерді оқыту барысында қолдануға жарамдылығын растайды.

9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:

1) иә:

2) жоқ.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіруге және құқық қолдану тетіктерін нақтылауға бағытталған ұсыныстарынан көрінеді. Автор ұсынған қорытындылар борышкердің мүлдіктің массасын сақтау, кредиторлардың құқықтарын қорғау, күдікті мәмілелердің құқықтық салдарын дұрыс бағалау, сондай-ақ адал және адал емес контрагенттердің құқықтық жағдайын айқындау кезінде қолданылуы мүмкін. Бұл ұсыныстар оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізетін әкімшілердің, соттардың және өзге де құқық қолдану субъектілерінің қызметі үшін қолданбалы мәнге ие. Диссертация нәтижелерінің практикалық маңыздылығы олардың оқу үдерісіне және практикалық қызметке енгізілуімен де расталады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілуінен растайтын екі актінің болуы автор ұсынған тұжырымдардың нақты құқық қолдану тәжірибесінде пайдалануға жарамдылығын көрсетеді. Осыған орай диссертацияның практикалық маңызы бар, ал алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.

9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?

Диссертациялық жұмыста берілген практикалық ұсыныстар

	<p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>толығымен жаңа сипатқа ие және оңалту мен банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтын қолдану мәселелерін жетілдіруге бағытталған. Автор қолданыстағы құқықтық реттеудегі олқылықтарды анықтап, оларды жоюға арналған нақты заңнамалық және құқық қолданушылық шешімдер ұсынған.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына сай орындалған. Зерттеу мәтіні ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, ойлар логикалық бірізділікпен берілген. Автор зерттеу мәселелерін нақты тұжырымдап, теориялық талдау мен практикалық ұсыныстарды өзара байланыстыра алған. Жұмыста қолданылған ғылыми ұғымдар мен құқықтық терминдер тақырыптың мазмұнына сәйкес және орынды пайдаланылған. Автордың баяндау тілі ресми-ғылыми сипатта, тұжырымдары түсінікті әрі негізді. Бұл диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасының жоғары екенін көрсетеді.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған және зерттеу нәтижелері теориялық әрі практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Сонымен қатар, жұмыстың жекелеген тұстары бойынша мынадай ұсыныстар айтуға болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зерттеудің қолданбалы маңызын арттыру мақсатында оңалту және банкроттық рәсімдерінде борышкер мәмілелерін анықтау мен бағалау кезінде цифрлық деректер базаларын және жасанды интеллектке негізделген талдау құралдарын пайдалану мүмкіндіктерін қосымша қарастыру орынды болар еді. Бұл күмәнді мәмілелерді ерте анықтауға, дәлелдемелерді жүйелеуге және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге ықпал етуі мүмкін. 2. Диссертацияда шетелдік тәжірибе жан-жақты қарастырылған. Дегенмен, аталған тәжірибені Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізудің нақты шектері мен ықтимал тәуекелдері қосымша талданса, ұсыныстардың қолданбалы сипаты мен практикалық құндылығы одан әрі күшейе түсер еді. <p>Көрсетілген ескертулер ұсынымдық сипатқа ие және диссертациялық зерттеудің жалпы оң бағасына әсер етпейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына сай орындалған. Зерттеу мәтіні ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, ойлар логикалық бірізділікпен берілген. Автор зерттеу мәселелерін нақты тұжырымдап, теориялық талдау мен практикалық ұсыныстарды өзара байланыстыра алған. Жұмыста қолданылған ғылыми ұғымдар мен құқықтық терминдер тақырыптың мазмұнына сәйкес және орынды пайдаланылған. Автордың баяндау тілі ресми-ғылыми сипатта, тұжырымдары түсінікті әрі негізді. Бұл диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасының жоғары екенін көрсетеді.</p>
<p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы</p>	<p>Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша жарияланған 9 ғылыми еңбекте көрініс тапқан.</p> <p>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне 2-тізімге енген басылымдарда 4 мақаласы жарияланған.</p> <p>Сонымен қатар бір ғылыми мақала WoS (Q1) және Scopus дерекқорларында индекстелетін, CiteScore көрсеткіші бойынша 84 процентильге ие хальқаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына сай орындалған. Зерттеу мәтіні ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, ойлар логикалық бірізділікпен берілген. Автор зерттеу мәселелерін нақты тұжырымдап, теориялық талдау мен практикалық ұсыныстарды өзара байланыстыра алған. Жұмыста қолданылған ғылыми ұғымдар мен құқықтық терминдер тақырыптың мазмұнына сәйкес және орынды пайдаланылған. Автордың баяндау тілі ресми-ғылыми сипатта, тұжырымдары түсінікті әрі негізді. Бұл диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасының жоғары екенін көрсетеді.</p>

